

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 298 (2014), 121 – 226

**FEATURES OF TRADITIONAL TURKIC WORLD VIEW ARE  
IN COMPOSITIONS  
(There is "Block" on the novel of Chingiz Aitmatov)**

**A. Shamakhova**

Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan

**Key words:** world, people, history, reason, world view, traditions.

**Abstract.** Origin of world civilization, history of development of preceding millenniums formed humanity, the features of traditional world view of people were founded. The beginning association of tribes as early as ancient times set at luing-ins, people of variety nationally-ethnographic, distinction of religious beliefs. A traditional world view of people is this education of descendants, height and development according to natural laws, ability to save and value the spiritual values left by ancestors.

ӨОЖ 573.71.5

**ДӘСТҮРЛІ ТҮРКІЛІК ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ШЫҒАРМАДАҒЫ  
КӨРКЕМДІК МӘНІ  
(Шыңғыс Айтматовтың «Жан пида» романы бойынша)**

**А. Шамахова**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

**Тірек сөздер:** әлем, халық, тарих, ақыл-ой, дүниетаным, дәстүр.

**Аннотация.** Әлем халықтарының қалыптасу, даму тарихындағы бұған дейінгі мыңжылдықтар планетамыздың мекендеген саналы ақыл-ой иелерінің дүниетаным ерекшеліктерін қалыптастырды. Ежелгі дәуірлерде басталған тайпалық бірлестіктерде негізі қаланған дүниетаным негіздері уақыт өте келе тұтас ұлыстардың, халықтардың ұлттық-этнографиялық наным-сенімдерінің жүйесі болып танылды. Халықтардың дәстүрлі дүниетанымы дегеніміз – сол ұрпақтардың пайда болуына, өсіп-өркендеуіне негіз болған тіршілік заңдылықтарын бағалау, тану көзқарастарының дәстүрлі жүйесі.

Фольклор мұралары мен көркем әдебиет шығармаларында дәстүрлі түркілік дүниетаным негіздері идеялық-композициялық желі болып келеді. Табиғаттағы тіршілік иелерінің (андардың, құстардың, төрт түліктің, жәндіктердің, жердің, судың, ағаштардың, т.б.) бәрінің де адамдар өмір сүріп отырған жаратылыс әлеміне тең құқықтылығы, бәрінің де өзіндік киесі бар екендігі халықтық бағалаулар мен сөз өнері мұраларында көрініс табады. Әлем халықтары наным-сенімдерінің, тарихи даму жолында кейінгі ұрпақтардың дүниетанымдарына негіз болғандығы мәлім.

Әлем халықтарының дүниетанымындағы адам мен басқа да тіршілік иелері арасындағы наным-сенім болмысын зерттеудің, бағалаудың өзіндік жүйесі бар. Көрнекті зерттеуші Ш.Ә. Ахметовтың осы саланың ғылыми тарихнамалық, этнографиялық болмысын жүйелеген «Тотемдік нанымдар мен аңшылық кәсіптің негізінде қалыптасқан әлем және түркі халықтарының табу мен эфвемизмдері» еңбегіндегі деректер мен бағалаулар осы саланың танылу тарихнамасын байқатады: «...Әлемге кең таралған ескі нанымдардың бірі – тотемизм. Ғылыми деректерге қарағанда «тотем»

деген сөзді 1791 жылы Солтүстік Американың **оджибе** үндістер тілінен Еуропаға бірінші болып ендірген ағылшын саудагері әрі тәржімеші Джон Лонг екен» [1, 249-б.]. Ғалым тотемизмді арнайы зерттеуші ғалымдарды Зигмунд Фредтің, Джон Мак-Леннанның, Эндрю Лангтың, Джеймс Фрээрдің, С. Рейнахтың, В. Вундтың, С.П. Толстовтың, Д.Е. Хайтунның, Н.А. Алексеевтің, Л. Расонийдің еңбектерін атай келе осы ежелгі наным-сенімнің әлем халықтарындағы деректерін атаған: «Оджибве тілінде «тотем» деген сөз «оның тегі» деген ұғымды білдіреді. Мұның мәні мынада. Солтүстік Американың **алгонкин** деп аталатын үндістерінің (бұл топқа оджибве де кіреді) тайпалары өздерінің арғы тегін аю, қасқыр, тасбақа, бұғы, қоян немесе т.б. жануарлардың бірінен тарайды деп сенетіндіктен, әр тайпа өз тегінің, яғни тотемнің атын сол тайпаның атауы ретінде пайдаланған. Сонымен қатар ол тайпалардың әрбір мүшесі де жаңағы атауды өзінің төл есімі ретінде қолданған.

Тотемдік жануарларды адамдардың арғы тегі деп тану, яғни тотемизм Америка үндістерімен ғана шектелмейді. Мұндай сенім кезінде Африка, Австралия және Азия материктерін мекендейтін халықтарға да тән болған» [1, 249-б.]. Америкалық үндістердің жалпытүркілік тарихқа қатыстылығын лингвистикалық, тарихи-этнографиялық жаңаша зерттеулермен қарастырып келе жатқан ғалым Ә. Ахметов осы еңбекке ғалым Л. Расоний зерттеуінде (Rasonyil. The Psychology and Categories of Name Giving Among the Turkish Peoples // Hungaro Turcica. Studies in Honour of Julius Nemeth. Budapest, 1976. P. 207-225) түркі халықтарының тотемдік нанымдары туралы тұңғыш бағалы пікір айтушылар қатарындағы әйгілі ғалым Рашид-ад-диннің (1247–1318) деректеріне айрықша тоқталғанын көрсеткен:

«Рашид-ад-диннің деректері бойынша сол кезде түріктер, оның ішінде төрт-төрттен алты топқа бөлінетін 24 оғыз тайпасының әр тобы «қаршыға», «бүркіт», «сары бүркіт», «сұңқар», «ителгі», «лашын» секілді **«онғандардың»** яғни тотемдердің бірінің атымен аталып, құт-береке әкелетін әлгі онғандарды аулауға қатаң тыйым салған екен. Л. Расоний, сонымен қатар XI ғасырда **қырғыздардың** кейбір рулары сиыр, жел, тасбақа, сұңқар, сауысқан болып аталғанын және **түріктер өздерінің арғы тегін бөріден тарайды деп сенетіндіктен** байрақтарына **қасқырдың алтын бейнесін** салатыны және сол заманда жиі кездесетін Көкбөрі, Бозқұрт, Үкі, Жылан, Аю, Тұрымтай, Аққұс, Бидай, Арпа секілді кісі есімдерінің бәрі де тотемдік сенімге байланысты қалыптасқанын сөз етеді» [1, 280-251-бб.].

Қазақтың көрнекті фольклортанушы, әдебиеттанушы ғалымдарының (Шоқан Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Қажым Жұмалиев, Әуелбек Қоңыратбаев, т.б.) еңбектерінде де осы тотемизм мәселелері сөз болғанын кездестіреміз. Қазіргі энциклопедиялық анықтамалықта (А. Досжанұлы, Т. Ғабитов мақаласы) ғылыми бағалау жасалған: «Тотемшілдік – ру-тайпаның белгілі бір жан-жануарлармен, өсімдіктермен тылсым туыстық байланысы бар деп білген ежелгі наным-сенімі. Бұл атау Солтүстік Америкада тұратын «Оджибве тайпасының «ототем» («оның тегі») деген сөзінен шыққан. Түрік қағандығы кезеңінде **түркілердің арғы тегі көкбөрі деген сенім болды**. Қасқырды тікелей өз атымен атамай «ит-құс» деп атауы осының мысалы. ...Батырлар жырларындағы, ертегілердегі кейіпкерлердің астындағы атымен немесе басқа жануарлармен тілдесуі де ерекше рухани кемелділікке жеткен адамның ұшқан құс, жүгірген аңның тілін біледі деген сеніммен үндеседі. Сондықтан тотемшілдікті аң-құсқа табыну деп үстірт қарамай, адам мен табиғаттың ерекше үйлесімін бұзбай өмір сүрген адамдардың жаратылыс дүниесінің киелілігін сезіне білуімен түсіндіруге болады» [2, 458-б.].

Әлем әдебиетінің классикалық шығармаларында осы тотемдік наным-сенімдер аясындағы туындылар жазу үрдісі үздіксіз жалғасып келеді. Әлемдік фольклордағы ертегілердің, аңыздардың ізімен ақын-жазушылардың шығармаларында жаратылыстағы аңдардың оның ішінде қасқырдың бейнеленуі де айрықша орын алады. – Джек Лондонның «Ақ азу», Мұхтар Әуезовтің «Көксерек», және т.б. ондаған ақын-жазушылардың туындыларының қатары бар. Сүйінбай Аронұлының «Бөрілі менің байрағым» жыры, Олжас Сүлейменовтің «Бөлтіріктерім», Жанат Ахмадидің «Апан аузында» повестері, суретші С. Әлімбаевтың «Көк бөрі» туындысы тіршілік дүниетанымға негізделген. Қырғыз классикалық әдебиеттің суреткері Шыңғыс Айтматовтың «Жан пида» романы да қасқырларды орталық поэтикалық желіде бейнелеуі де осы үрдіспен үндес.

«Жан пида» (романында басталуынан аяқталуына дейінгі идеялық-композициялық желіні құрап тұрғандар – Аққұртқа және Тасшайнар есімді қасқырлар. Роман сюжетінің басталуындағы

«Аламонғи мұзарт асуына қарай Ұзын-Шоң аңғарын бойлай кештете ұшқан дәу вертолеттің қасарыса қатайған, бірте-бірте гүрілдей ескен даусы минут сайын зорайып, минут сайын жақындай, азынай барып, ақырында дыбыс пен жарық сәуледен басқа ештеңе жете алмайтын, жан баласы баспаған мұзды биікке көтеріліп, вертолет бір марқайып, масаттанғандай. Тау мен тасты тітірентті. Вертолет даусын жақпар-жақпар жартастар жаңғыртырып жібергенде, Тәңірім өзі сақтасын, әнеміне бір сұмдық сойқан – зілзала болардай дүние-әлем күңіреніп кетті» [3, 3-б.].

Бұл – осы романның бүкіл идеялық көркемдік бағдарын, шешімін аңғартатын суреттеу. Бұл эпизод өзіндік табиғи үйлесімді қозғалыстарымен, құбылыстарымен, үнсіздігімен, сан алуан үнділігімен Жаратушының заңдылықтарымен өмір сүріп жатқан табиғат тыныштығын бұзуға, өктемдік жасауға кіріскен адам ықпалын сездіргендей психологиялық әсер береді.

Романның осы бастау сюжетіндегі вертолеттің гүрілінен туындаған алапат дыбыс жаңғырығы көшкінді жылжытады, оның әсерінен бірнеше дөңбек тас төмен қарай домалап, «шілік пен бөрі қарақат тоғайын зеңбіректің оғындай талқандап, сіреқарды тесіп өтіп...үңірейген ит-құстың үңгі-тірінің алдына» [3, 6-б.] келген сәттегі Аққұртқа қаншық қасқырдың психологиялық хал-ахуалын реалистікпен суреттеп көз алдымызға айқын елестетеді:

«Төбеде тап келген тастардан, суылдай түскен қардан шошып түскен Аққұртқа қаншық серіппелі пружинадай жиырылып, жалы тікірейіп, жасыл-сары көзі от шаша алдына оқталып, қас қағым сәтте жауына шапши түспек үшін, үңгірдің қараңғы түкпіріне көткеншекттей берді. ...Вертолет жақындаған сайын қаншық жиырыла түсіп, басын мойнына тығып қыңсылай бастады, әйтсе де ақыры жүйкесі шыдамай тұла бойы тылсым да дәрменсіз үрей билеп, ұлып-ақ жіберді; тістерін ызалана, долдана сақылдатып, бауырымен үңгірдің аузына қарай жылжыды, сол арадан тапжылмай тайталасып, мына бір дүние әлемді дүр сілкіндіріп, тау құлатып, тас домалатып жақындап келе жатқан темір тажалды тырқырата қуып жібермекке дайындалғандай шиыршық атты» [3, 6-б.]. Бұл – түркілік дәстүрлі дүниетаным көзқарасы арқылы табиғаттағы тепе-теңдікті бұзушыларға, браконьерлерге, озбыр адамдарға қарсы тіршілік ортасы қарсылығының поэтикалық мағынамен берілген психологиялық болмысы. Түркі халықтарының сақталуындағы өсіп-өркендеуіндегі тотемизм ұғымының бас тіршілік иесі Қасқырдың вертолетке айбат шегуі – бұл қазіргі ұрпақтардың табиғаттағы тепе-теңдікті бұзушыларға арналған қарсылық күресінің көрінісі. Роман сюжетіндегі кейіпкер-қасқырдың дәстүрлі тіршілік дүниетанымына негіз болған тарихи-этнографиялық сипатына аудармашы жазушы Шерхан Мұртазаның анықтамасы да берілген: «Аққұртқа – «құртқа» – көне түркі тілінде қасқырдың ұрғашысы. Мысалы, «Қобыланды» жырындағы Құртқа осы ұғымды береді. Құрт-қасқыр. Башқұрт- бас қасқыр» [3, 6-б.].

«Қазақ тілінің синонимдер сөздігіндегі» анықтамалық та тотемдік атаудың жалпыхалықтық дүниетанымдағы қолданыстарын айқындайды: «Қасқыр, бөрі, абадан, серекқұлақ сөйл., ұлыма эвф., ит-құс этногр. Малға шабатын ит тұқымдас жыртқыш аң» [4, 357-б.]. «Жан пида» романының идеялық, көркемдік желісін құрап, суреткердің уақыт шындығына көркем шындық заңдылығымен өрнектеуіне негіз болып тұрған қасқырлардың биологиялық болмыс-бітімі екендігі ақиқат. Энциклопедиялық анықтамалық бойынша: «Қасқыр (*Canis Lupus*) – қасқыр тұқымдасына жататын жыртқыш. Дене тұрқы асыранды иттей. Асыранды иттің арғы жабайы тегі – қасқыр деп есептелінеді. Қасқыр Еуропаның, Азияның көп аймақтарында кеңінен таралған. ...Қасқырдың терісінен ішік тігеді. Оның өтін емге пайдаланады. Тырнағын бесікке іліп қояды, жын-шайтан жоламайды деп ырым етеді.

Қасқыр топтанып, тіршілік етеді. Шағын ұялас тобын – **әуегі**, ал сол әуек басшысын – **абадан** деп атайды: ... Сондай-ақ тіліміздегі «шона» деген сөз де көне моңғол тіліндегі қасқыр деген ұғымды білдіреді. Арқа жағының қазақтары «Қасқыр жортақ» дейді, ол «Бөрі сырғақ» деген ұғым ақпан айының 17-23 жұлдызына сәйкес келетін амал, бұл кезде қасқырлар жұп құрып ұйығады» [5, 661-б.]. Осы энциклопедиялық анықтамалықта айтылған өжет адамды «Қасқыр екен», «Нағыз көкжал екен» деудің де, Батыс Қазақстан өңірін ежелгі дәуірде мекендеген сармат тайпаларының ескерткіштерінде бейнеленулерінен, Алматы облысы мекенінен табылған қала шырағданындағы кескінделуінен, Римдегі Капитолийдегі қаншық қасқырға және бұл оны еміп отырған ағайынды Ромул мен Ремге қойылған ескерткіштің – бәрінің ортақ шешімі осы аңды тотемдік тәсілімен бағалау екендігі байқалады.

«Жан пида» романының идеялық-композициялық желісінде жұптасқан қасқырлар қаншық Аққұртқа мен арлан Тасшайнар мынадай сюжеттік бөліктерде бейнеленген: біріншісі – роман сюжетінің басталуындағы вертолеттің үрейлі даусынан үрейленіп ұлып, бірақ үңгірінің қуысында арланы Тасшайнардың кең қолтығына тығылып «Өлі де ара-тұра тұла бойын дірілдеткен үрейден есте-эсте арылып, құрсағындағы күшіктерінің түсініксіз, тілсіз қимылына құлақ түріп, өзіне-өзі үңіліп...» [3, 9-б.] жатқан сәті; екіншісі – Мойынқұм даласында бөлтіріктерін ертіп ақбөкендерді аулау жорықтарында жүргендері; үшіншісі – аңшылардың вертолеттермен қуалап ақбөкендерді жүздеп, мыңдап қырған сүргіннің ортасындағы қасқырлардың жандарын сақтау үшін жанталаса қашқан әрекеттері; төртіншісі – шопан Базарбай Нойғұтов үңгір апандарынан алып кеткен бөлтіріктерін қасқырларды іздеп, Бостон Үркіншиевтің қыстау үйін күндіз- түні торуылдаған, ұлып сарнаған, зарлаған жағдайы, хал-ахуалы; бесіншісі – Бостонның әуелі арлан қасқыр Тасшайнарды, роман соңында баласы Кенжешті алып қашқан Аққұртқаны бөбегімен қоса атып өлтіргені. Қасқырлардың қатысуымен өрбитін сюжеттік бөліктердегі оқиғалардан табиғаттағы адамдар мен аңдарға ортақ өмір сүру үйлесімділігін бұзатын мәңгі айықпас рухани дерт арамзалық-ашкөздік, қызғаншақтық, күншілдік пиғыл зардаптары әшкереленген. Тіршіліктегі негізгі трагедиялық жағдай – обырлық пен озбырлық, күншілдік, қызғаншақтық айыпталған.

«Жан пида» романындағы табиғаттағы тіршілік келбетін кешенді бейнелеуге айрықша мән берілгенін байқаймыз. Суреткер «Күн мен дала – мәңгі ұлы тұлғалар. Күнге қарап, баябан даланың қиыры қаншалықты шексіз екенін байқайсың; далаға қарап шексіз байтақтың о шетінен бұ шетіне дейін нұрын шашқан Күннің қаншалықты ұлы екенін аңғарасың. Ал жерді көмкеріп тұрған көк аспанның көлемі ұшып жүрген қарақұстың зау биіктігімен өлшенеді» [3, 7-118-бб.]. Оқырманның көз алдына Мойынқұм атырабын, ондағы қасқырларды, ақбөкендерді, аспандағы аққұйрық қарақұстарды жаз және қыс мезгілдерінің көріністерін, т.б. – бәрін де өзара сабақтасқан тіршілік заңдылығымен суреттеген. Зеңгір көктегі қарақұстары, өсімдіктері, ағаштары, аңдары, т.б. – бәрі де тұтаса келе табиғаттың жалпы тіршілік әлеміне тән болмыс шындығы көркем бояуларымен дараланады: «Азия құрлығының осы бір ұлы даласын, шөлейтке шыдамды жаны сірі жыңғыл өскен, қыл арқандай ширатылып, тарамыстай тартылып сексеуіл шыққан, қоян сүйек пен көкпегі, кекіресі мен изені жайқалған, Күн сәулесі астында да, Ай сәулесі астында да алыстан алтын тоғайдай сағымданып, сылаңдап тұратын алтын сары ши құлпырған, арасына кіріп кетсең өзің де көрінетін, өзгені де көретін сұйық судыр ши басқан ұлы далаға әзір қауіп-қатер төне қояды-ау дегендей сезік те жоқ еді ғой» [3, 14-б.].

Табиғаттағы бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі қоректендіріп, яғни өзін-өзі сақтау заңдылығымен ғасырлар бойы жасап, жыл мезгілдері ауысуымен түлеу, жаңғыру жолымен келе жатқан жаратылыс ортасының бүлінуінің басты себепкер иесі – авторлық баяндау бойынша: «Адамдар, адамдар – адам – Құдайлар! Мойынқұм сахарасының киіктерін адамдар да қырады. Ертеде олар атқа мініп, тері-терсек киіп, киікті садақпен аулайтын. Кейіннен тарс-тұрс атылатын мылтықпен аулайтынды шығарды. Аттарын сабылтып, айқай-сүрең салып, анда шауып, мұнда шауып жүргенде ақбөкен табыны сынаптай ағып, біресе мына қиырға, біресе ана қиырға сырғанап, сексеуіл тоғайдың ішіне сіңіп кетер еді, іздеп көр сонан соң. Енді бір заманда адам-құдайлар аңға машина мініп аттанатын болды. Ақбөкендерді машинамен қамалай, дәлме-дәл қасқырлар сияқты сілесін қатырып барып, мылтықпен қырып салады. Енді әр заманда адам-құдайлар аңға вертолетпен ұшып шығып, ақбөкендерді аспанда жүріп торып, белгілі бір жерге оларды үркіте иіріп алып келгенде, жерде сақадай сай тұрған мерген сарбаздар машиналарын жүз километр, тіпті одан да шапшаңырақ заулатып, киіктерді шашау шығармай қуаласа, әуеден вертолет жөн сілтеп, аның ауанын аңғартып отырады. Сөйтіп, машина, вертолет, алымды мылтық – бәрі қосылып, Мойынқұмдағы тіршіліктің астан-кестенін шығарады» [3, 11-б.]. Бұл – табиғаттағы Жаратушы Алла жасаған ұлы үйлесімді тіршілік тыныштығын озбырлықпен бұзудың көрінісі. Қасқырлардың да табиғаттан еншілеген сыбағасы қыста ақбөкендерді, жазда сарышұнақтарды аулап күн көретін тіршілігі де тап осы астан-кестен бүліншілік салдарынан бұзылады. Бұлар осы вертолетпен қуғындалып, үркіп, жосып қашқан ақбөкендерді аулап күн көрмек түгілі, сол ақбөкендердің тұяқтарының астында өздері де, бөлтіріктері, арланы («Әне, тұла бойы тұңғыштары үрейден көзі шарасынан шыға жан ұшырған Дәубас, қатарында Желаяқ, оларға әрең ілесіп, сілесі қатқан Аяулы анау, ақылынан адасқандай алақ-жұлақ етіп, жанында Тасшайнар безіп барады. Ой, дүние-ай десеңші, бүкіл Мойынқұмның

қаһарлы қожасындай болып жүрген Тасшайнардың сықпытын-ай!») – бәрі жаншылып қала сақтап жанталасады.

«...Әуелі Аяулы байғұс мерт болды. Киіктердің аяғының астына түсіп, шаңқ еткен жіңішке даусы естілді де, ар жағын сансыз тұяқ дүбірі жұтып жіберді...

...Аяғының астынан әлдене бұрқ ете қалып, Құртқа қасқыр бір тоңқалаң асып түсті де, лезде қайтып тұрды, әйтпесе сансыз тұяқтардың астында қалар еді. Енді сол сәттен соң ол өзінің өзегін жарып шыққан тұңғыштарының ішіндегі ең ірісі Дәубастың қалай оққа ұшқанын көрді. Барын сала аңыратып қашып келе жатқан Дәубасқа оқ тиген кезде балаң қасқыр аспанға адам бойы ыршып кетіп қан сорғалап, жерге қарай аударыла –төңкеріле бойы ұзарып, аяқтары серейіп барып, баяу құлап түсті.

...Сол ақтандақ қардың үстінде Аққұртқаның азапты да, қайғылы халінің белгісіндей болып, бүріскен ізі созылаңдап қалып жатты. Бөлтіріктерден айрылды. Өз ұясы – үңгірі артта қалды. Ол жерде енді адамдар жүр» [3, 27-31-бб.].

Романның Аққұртқа мен Тасшайнар қатысатын сюжеттік бөліктеріндегі түркілік дүниетаным негізінде жазушы аңдардың іс-әрекеттерін де адамдардың, жаратылыстың үйлесімділік, өзара түсіністік жағдайына бейімдей баяндайды, суреттейді. Жұптасқан қасқырлардың бұдан кейін бір жыл бойы Алдаш көлінің қамысын паналап, «Сол арада олардың ең мол ұяласы, бес бірдей күшік дүниеге келді. ...Бөлтіріктері есейіп қалғанда, қасқырларға тағы да қырсық тиді – қамыс өртенді») [3, 215-б.], жаңа қиындықтарға тап болғанын оқимыз.

Осылайша адамдардың қолдарымен табиғаттағы тыныштықты бұзатын іс-әрекеттерінің салдарынан қасқырлар да қиыншылықтарға душар болады:

Алдаш көлінің жанынан «...сирек кездесетін аса ірі кен қоры табылып..., ...сахарада тағы бір атсыз қала салына бастаған...» [3, 215-б.] жағдайда қамысты да, ол тұрған көлді де жойып жіберуден тартынбайтын алапат, жойқын іс-әрекетті көреміз. Осы арада тағы да Аққұртқа мен Тасшайнардың және сол көлдегі құстардың да, қабандардың да, жыландардың да – бәрінің де жанталасқан, аласұрған хал-ахуалын көреміз: «Күйік ісі сезіліп, жан-жақтан от лап қойғанда-ақ қасқырлар бөлтіріктерін құтқармақ болып, қамыс арасында аласұрды. Күшіктерін желкеден тістелеп, біресе ана жерге, біресе мына жерге тасыды. ...Сонда олар үш күшікті отта қалдырып, екеуі Аққұртқа мен Тасшайнар екі күшікті тістелеп алып, бұғаздан жүзіп өтіп құтылмақ болды. Өрең деп арғы жағаға жеткенде қараса, екі күшіктің екеуі де өліп қалыпты: қасқырлар оларды су бетінен қанша жоғарырақ ұстаймыз дегенмен екеуі де тұншығып өліпті» [3, 215-216-бб.].

Қасқырлар – табиғаттағы қаумалаған қайшылықтар ортасында жүрсе де тіршіліктегі іс-әрекеттерін жалғастыра беретін, өмір сүруге құштар жаратылыс мүшелері. Өртке оранған көл маңынан құтылу арпалысы кезінде бес күшіктен де айрылған олар енді басқа қонысқа қарай ығысады, Қордай асуынан асып, Ақтүз тауына қарай бет алады, одан да асып Ыстықкөл ойпаңына тап болады. Телегей теңізге тірелген олар сонда тұрақтайды. Жазушы қасқырлық тіршіліктің жаңа кезеңін де оқырманға реалистікпен елестетеді: «...Аққұртқа тағы да күшіктеді, бұл жолы ол төрт бөлтірік тапты. Бұл қасқырлардың ұрпақ қалдыру үшін соңғы рет жанталаса жасаған әрекеті еді.

Әне, сол Ыстықкөлде осынау қасқырлардың сұрапыл сойқан тарихы сұмдық трагедиялық ғаламат қайғымен тамамдалды» [3, 216-б.]. «Жан пίδα» романындағы қасқырлардың аянышты тағдыры – табиғат трагедиясы. Ақбөкендердің қырғынында таудағы үңгірінен, кен орны үшін көл қамысына салынған өрттен мекендерінен де, бөлтіріктерінен де айрылған қасқырлардың роман сюжетіндегі соңғы трагедиясы – қатыгез, пайдакүнем Базарбайдың төрт бөлтірігін алып кетуімен, күшіктерін іздеген екеуінің Бостонның мылтығы оғынан қаза табуымен аяқталады. Романдағы қасқырлар трагедиясы – табиғаттағы бүкіл аңдардың хал-ахуалының көрінісі. Бөлтіріктерінен айрылып, арланы Тасшайнар оққа ұшқаннан кейін Бостонның үйінің жанына келіп, бөбек Кенжешпен кездесіп тұрған сәтіндегі психологиялық жағдай («Бала қайтадан жақындап барып, оны басынан сипады. Ал, Аққұртқа болса оның бет-аузын жалады. Мұнысы балаға өте ұнап кетті. Құртқа көкірегіне толып қалған аналық мейірімін балаға аямай төгіп, оның нәресте иісін иіскеп елтігендей болды. «Егер де жартас астындағы апанда осы адам баласымен бірге тұрсам, қандай қуанышты болар едім», – деп ойлады ол. «Мойнын жаралап алмайын» – деп, абайлап қана күртесінің жағасынан тістеп алып, басын бір сілкіп, баланы арқасына лақтырып сала салды») [3, 314-б.] да табиғат аясындағы тіршілік иелерін өзара сабақтастыратын сипатымен көрінеді. Романның

идеялық-композициялық желілеріндегі сюжеттік бөліктердегі қасқырлар әрекеттері өзара сабақтаса келе, эпикалық туындының дәуірге тән қайшылықтарды, қақтығыстарды реалистікпен бейнелеген көркемдік шешімін танытады.

Қорыта айтқанда, Шыңғыс Айтматовтың «Жан пида» романындағы дәстүрлі түркілік дүниетаным аясында бейнеленген қасқырлар тағдыры қазіргі заманғы экологиялық дағдарыс, экологиялық қасірет сипатының көркем шындық поэтикасымен бейнеленген болмысын көрсетеді.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Ахметов Ә. Түбі түркі өркениет. – Алматы: Арыс, 2009. – 344 б.
- [2] Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2006. – 8-том: С-У. – 704 б.
- [3] Айтматов Ш. Жан пида: Роман. – Алматы: Атамұра, 2005. – 320 б.
- [4] Қазақ тілінің синонимдер сөздігі / Құраст. С. Бизақов, Ә. Болғанбаев, Ш. Дәулетқұлов. – Алматы: Арыс, 2005. – 720 б.
- [5] Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас. ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003. – 5-том: К-Қ. – 720 б.

#### REFERENCES

- [1] Ahmetov A'. Tu'bi tu'rki o'rkeni"et. Almati': Ari's, 2009. 344 b.
- [2] Qazaqstan. Ultti'q e'nci"klopedi"ya. Bas red. B. Ayaghan. Almati': «Qazaq e'nci"klopedi"yasi'ni'ng» Bas redakci"yasi', 2006. 8-tom: S-W. 704 b.
- [3] Aytmatov Sh. Jan pi"da: Roman. Almati': Atamura, 2005. 320 b.
- [4] Qazaq tilining si"noni"mdar so'zdigi. Qurast. S. Bi"zaqov, A'. Bolghanbaev, Sh. Da'wletqulov. Almati': Ari's, 2005. 720 b.
- [5] Qazaqstan. Ultti'q e'nci"klopedi"ya. Bas. red. B. Ayaghan. Almati': «Qazaq e'nci"klopedi"yasi'ni'ng» Bas redakci"yasi', 2003. 5-tom: K-Q. 720 b.

### ОСОБЕННОСТИ ТРАДИЦИОННОГО ТЮРКСКОГО МИРОВОЗЗРЕНИЯ В СОЧИНЕНИЯХ.

(По роману Чингиза Айтматова «Плаха»)

А. Шамахова

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** мир, народ, история, разум, мировоззрение, традиции.

**Аннотация.** Возникновение мировой цивилизации, история развития предшествующих тысячелетий формировал человечество, основывались особенности традиционного мировоззрения людей. Начавшееся объединение племен еще в древние времена устанавливало у родов, народов разновидности национально-этнографических, различие религиозных верований. Традиционное мировоззрение народов – это воспитание потомков, рост и развитие согласно законам природы, умение беречь и ценить оставленные предками духовные ценности.

Поступила 12.11.2014г.